

Қарасан ауруының облыс аумағына әкелуінің алдын алу жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы әкімінің шешімі 2000 жылғы 25 тамыздағы N 489 Маңғыстау облыстық Әділет басқармасында 2000 жылғы 6 қыркүйекте N 264 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 01-30-1050 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2012.07.16 № 01-30-1050 хатымен.

Оңтүстік Қазақстан облысындағы мүйізді ірі-қара малының арасында қарасан ауруының анықталуына байланысты және облыс аумағына әкелінуіне жол бермеу мақсатында, шешім етемін:

1. Қалалар мен аудандардың әкімдері, облыстық ішкі істер басқармасының бастығы (Н.И. Приходько), облыстық жол полициясы басқармасының бастығы (М.Н. Аблазимов) кеден басқармасымен (М.С. Кенжалиев) және облыстық аумақтық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығымен (С.Б. Берішбаев) бірлесіп жұқпалы мал ауруының облыс аумағына әкелінуін болдырмаудың барлық қажетті шараларын алсын, ол үшін:

Оңтүстік Қазақстан облысынан малдың, мал өнімдерінің және малдан алынатын шикізаттың әкелінуіне, сондай-ақ жоғарыда атап көрсетілген жүктердің облыс аумағы арқылы өтуіне үзілді-кесілді тыйым салсын; жол полициясы бекеттері мен кеден пункттерінің жұмыс тәртібін

қатайтсын;

Оңтүстік Қазақстан облысынан автомобиль, темір жол, әуе және теңіз қатынасы көлігімен мал өнімдері мен малдан алынатын шикізатты тасымалдап өткізілуіне бақылауды күшейтсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау облыс әкімінің бірінші орынбасары С.Б. Керелбаевқа жүктелсін.

Облыс әкімі

Мамандар:

Икебаева А.Ж.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК